

Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 183 "2018 – 2020 жылдарға арналған Темір қаласы бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2018 жылғы 6 желтоқсандағы № 276 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Темір аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 11 желтоқсанда № 3-10-225 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Кодексінің 9–1 бабының 2 тармағына, 109-1 бабының 4 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 2–7 тармағына сәйкес Темір аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 183 "2018 – 2020 жылдарға арналған Темір қаласы бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5856 тіркелген, 2018 жылғы 22 қаңтарда "Темір" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесінде "№ 95" және "№ 148" нөмірлері алынып тасталсын;

1 тармақта:

1) тармақшада:

кірістер – "58 179,3" сандары "61 012,3" сандарымен ауыстырылсын;

трансферттер түсімдері – "51 171" сандары "54 004" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

шығындар – "58 179,3" сандары "61 012,3" сандарымен ауыстырылсын;

5 тармақта:

екінші абзацта:

"2 896" сандары "5 729" сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімдегі 1–қосымша осы шешімдегі қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Темір аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Темір аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Темір аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Темір аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Г. Қалиева

Темір аудандық мәслихатының хатшысы

Б. Избасов

Аудандық мәслихаттың
2018 жылғы 6 желтоқсандағы № 276
шешіміне қосымша
Аудандық мәслихаттың
2017 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 183 шешіміне 1 – қосымша

2018 жылға арналған Темір қаласы бюджеті

Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			I. Кірістер	61012,3
1			Салықтық түсімдер	5670
	01		Табыс салығы	2240
		2	Жеке табыс салығы	2240
	04		Меншікке салынатын салықтар	3430
		1	Мүлікке салынатын салықтар	110
		3	Жер салығы	237
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	3083
2			Салықтық емес түсімдер	1338,3
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	252
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	252
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	1086,3
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1086,3
4			Трансферттердің түсімдері	54004
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	54004
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	54004

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Б Б әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				II. Шығындар	61012,3
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	20660,3
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	20660,3

		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	20660,3
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19311,3
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1349
04				Білім беру	35429
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	35429
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	35429
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	35429
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	979
	2			Әлеуметтік көмек	979
		124		Аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	979
			003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	979
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	3944
	3			Елді-мекендерді көркейту	3944
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3944
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1973
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	961
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1010
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
				Бюджеттік кредиттер	0
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы		Сомасы (мың теңге)
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу		0
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу		0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу		0
Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Б Б әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0

			V. Бюджет тапшылығы	0
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ